

*Оқу – тәрбие процесінің  
құндылық мәдениетін  
қалыптастырудағы  
әдістемелік бірлестіктің  
рөлі*



Бірге болу-бұл бастама,  
бірге болу-бұл прогресс,  
бірге жұмыс істеу - бұл  
сәттілік.

Генри Форд

*ҚР БҒМ 29.11.2007 ж. № 583 бұйрығымен  
бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-  
әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және  
жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі –  
қағидалар) мектептің әдістемелік  
қызметінің жұмысын регламенттейді.*

## Семинардың мақсаты:



Семинардың мақсаты-жаңа білім беру стандарттарын енгізу және жаңғырту жағдайында мектепте әдістемелік жұмыстың қалай ұйымдастырылуы керектігін анықтау.

Білім беру процесінің сапасын тиімді басқару үшін педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру міндеттерін мектептегі әдістемелік жұмыс шешеді. Оқу процесінің әр қатысушысы әдістемелік мәдениетке ие болуы керек. Мұғалімнің әдістемелік мәдениеті екі компоненттен тұрады:

# Мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің компоненттері

➔ *Бұл іс жүзінде маңызды, нақты сабақ,  
Сабақ, іс-шараны дамыту мүмкіндігі.*

➔ *Бұл белгілі бір материалдарды, іс-  
әрекеттерді, үлгілерді көру мүмкіндігі*



Мұғалімнің инновациялық қызметінің тиімділігін "табысқа жетудің 5 қадамы" үлгісімен анықтауға болады.

# Қазіргі заман мұғалімі –

Рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып, дамыту үшін жауапты деген.

Мұғалімнің кәсіби білігін шыңдаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады.



# Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің негізі:

➔ *Біріншіден*, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымы.

➔ *Екіншіден*, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі.

➔ *Үшіншіден*, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін табысты қолдана білуі.

# XXI ғасыр мектеп мұғалімнің азаматтық тұлғасы



•Қазақ елінің және өз мектебінің елжанды патриоты;



•өзінің қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтын, адамгершілік деңгейі жоғары тұлға;



• мектепте моральдық ахуалды жасап, командалық, серіктестік рухты қолдаушы;



•салауатты өмір салтын ұстанушы.

**Мұғалімнің кәсіби күзіреттілігі – нәтижелі білім берудің негізі, оның жан-жақты білімімен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Педагог қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның күзіреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.**



**«Құзыреттілік»** ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

**«Құзырлылық»**- белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді

# Кәсіби құзыреттіліктің төрт түрі

**1. Арнайы, немесе қызметтік** кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады.

**2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік** кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.

**3. Жеке** кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгерумен сипатталады. Және осыған маманның өз кәсіби қызметін жоспарлауды, өз бетімен шешім қабылдауды, проблеманы көруді енгізеді.

**4. Дара (индивидуальды)** кәсіби құзыреттілік өз-өзін басқара білу тәсілдерін, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға берілмеу, кәсіби мотивацияның табанды болуы қасиеттерін меңгерумен сипатталады.

# Қазіргі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі

- Оқыту мен тәрбиелеу нәтижелерін жүзеге асырудағы кәсіби біліктілігі;
- ұстаздық шеберлікті шығармашылықпен меңгеруі ;
- ғылыми әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін дамытуға деген ұмтылысының болуы ;
- объективтілік, дербес әрекетшілдік және мақсаттылық, өзара сынды қабылдай алуы;
- өзін интеллектуалды және жасампаз маман ретінде көрсете білуі.

## Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

1. Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

2. Қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.

3. Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

4. Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті

5. Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі

6. Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

Педагог шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзіреттілік аясын кеңітеді. Кәсіби құзіреттілік маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама.



Кәсіби құзіретті еңбек деп мұғалімнің педагогикалық әрекетті өте жоғары деңгейде атқара алуы, педагогикалық қарым-қатынасқа түсе алуы нәтижесінде оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейінің жоғары болуы деп санаймыз.







**Б.Тұрғынбаева** «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ресей ғалымы **Н.Кузьминаның** көзқарасы бойынша «Құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы».

**А.Ф.Присяжная:** Педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сферадағы функциялары мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын айтады .

**К.Құдайбергенова:** «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді.



Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критеріі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

Әрбір мұғалімнің кәсіби дайындық сапасына қойылатын талап немесе кәсіби теориялық білімі мен практикалық біліктілігі –құзыреттілік пен кәсіби шеберлігінің сапасы ретінде қаралады.

Әр ұстаз оқытудың жаңа технологиясындағы тиімді пайдаланылған әдістердің бәрі бала дамуына қарай бағытталатындығын ескеруі керек. Әлемдік тәжірибеде бар электронды оқу құралдарын пайдалану шеңберін ұлғайту.

Құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық критеріі ретінде қарау, зерттеу, бүгінгі күн талабы.

- Әр ұстаз оқытудың жаңа технологиясындағы тиімді пайдаланылған әдістердің бәрі бала дамуына қарай бағытталаатындығын ескеруі керек.

Әлемдік тәжірибеде бар электронды оқу құралдарын пайдалану шеңберін ұлғайту

- Мектепшілік бақылау – басшылық жұмыстарын жандандыру, себебі бұл оқушының білім сапасының деңгейін анықтап, ұстаздың жеке жауапкершілігін көтереді.

- Мектептің материалдық базасын нығайту

- Мемлекеттік тілде жазылған әдістемелік құралдарды шығару.

Оқыту деңгейін халықаралық стандартқа жеткізуге қадам жасау.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді – кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ

## XXI ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар

**Біріншіден**, мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға және маман мұғалім болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар мұғалім жалтақ болмайды. Өз ісін жетік біліп, сабағын креативті жүргізетін мұғалім ғана түпкі нәтижеге қол жеткізе алады.

**Екіншіден**, педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланы өмірдің әр саласына қатысты кез келген сұрағына жауап беруге даяр болуы керек. Әр мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс. Психологиялық басты заңдылық «Адам өзінің шығармашылық өзгерушілік қызметі арқылы адамдармен қарым – қатынас жасайды және жеке ойлау қабілеті зор жеке тұлға болып қалыптасады» дейді. Көп білу үшін көп оқу, «Интернет» жүйесін меңгеру қажеттігі туындайды.

**Үшіншіден**, инновациялық оқыту, ақпарат құралдарының, мультимедиалардың көбеюі мұғалімнің еңбегінде оқулықтарды жалаң пайдалануды артқа тастады. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге оқушыны баулу міндеті тұр. Өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйретпеген мұғалім қазір түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайды. Жан – жақты даму үшін осы салада мұғалім ғана көмектесе алады.

**Төртіншіден**, мұғалім ұйымдастырушылық, құрылымдылық, бейімділік сараптамалық қабілеттер мен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп – салдарын анықтай білуге де бейім болуы шарт. Соның негізінде күрделі жағдайларда шешім таба алатын дәрежеге жету мүмкін.

**Бесіншіден**, мұғалімнің адамгершілік, саяси идеялық ұстанымдарды бала тәрбиесіне негіз етіп алуы тиіс. Оқушы ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы қажет.

## Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары

### Кәсіби этикалық сапа

- Мұғалім тұлғасының кәсіби педагогикалық бағыттылығы.
- Мұғалімнің қоғамдағы орны мен әлеуметтік беделін түсінуі.
- Оқушыға кәсіби іс-әрекеттің субъектісі ретінде қызығушылық таныту және оған деген сүйіспеншілігі.
- Педагогикалық такт, оптимизм.
- әділдік;
- адалдық;
- шынайылық;
- қарапайымдылық;
- талап қоюшылық;
- сезімталдық;
- әдептілік.

### Педагогикалық қабілет

- Өз пәнін жетік меңгеру.
- Дидактикалық қабілет.
- Ұйымдастырушылық қабілет.
- Коммуникативтік қабілет.
- Конструктивті қабілет.
- Педагогикалық рефлексия

### Кәсіби күзіреттілік

- Кәсіби іс-әрекет:
- ізденішілік;
- зерттеушілік;
- шығармашылық;
- Инновациялық технологияларды меңгеру.
- өз білімін жетілдіру;
- өздігінен білім алуы;
- өз ісін бағалай алуы;
- өіндік диагностика жасай алуы;
- Оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілеттерін арттыра алуы;
- Білім сапасы мен үлгерім көрсеткішінің мониторингісін жүргізе алуы;
- Бәсекеге қабілеттілік

## Қазіргі уақытта мұғалім мына төмендегі сипаттамаға лайық болуы тиіс екендігі атап көрсетіледі:

Ол теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін жоғары көтеруші адам болуы;

Өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары, кәсіптік шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытатын адам болуы;

Коммуникативті, қоғамдық ортада беделді адам болуы;

Белгілі педагогикалық технологияның толық әдістемесін меңгерген, ғылымның әр саласынан хабардар, жан – жақты білім болуы;

Өзінің әрбір оқушысының ерекшелігі мен зейінін жақсы білетін қамқор, психолог болуы керек.





## **Мұғалімнің кемшіліктері :**

- **Мұғалімнің шектеулілігі;**
- **Заман талабына бейімделе алмауы;**
- **Теория көп, тәжірибе аз;**
- **Стереотиптік ойлар.**



# Мұғалім имиджі



Имидж» түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғам назарының және ғылыми талдаудың пәні болды. 90 жылдардың ортасында имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілеріне арналған, имидж жайында алғашқы отандық өңдеулер Р.Ф.Ромашкина, Е.И.Манякина, Е.В.Гришунина, П.С.Гуревич, Ф.А.Кузин және т.б. еңбектерінде жарық көрді. Педагог имиджі – мұғалім, оқытушы бейнесінің тәрбиеленушілер, әріптестер және әлеуметтік жұртшылық санасында, бұқаралық санада қабылданудың стереотипі. Педагог имиджінің қалыптасуында нақты сапалар тығыз байланыста болады, бұл оқушының, студенттің, ата-аналардың, жұртшылықтың ол туралы ойынан туған бейнесі. **Өз имиджін жасауға талпынған педагог, жақсы көрініп қана қоймай, өзін жақсы сезінеді, өзіне көбірек сенімді, нәтижесінде ол жақсы жетістікпен нәтижелі жұмыс атқарады!**

## **Сыртқы имиджді құраушыларға:**

- мимика,
- дауыс күші мен тембрі,
- костюм,
- қимыл,
- мәнер.

Айналаңыздағы адамның санасындағы сіздің бейінеңіз туралы көзқарас сізбен жүздесуден кейінгі сыртқы кейпіңіз бен өз-өзіңізді ұстауыңыздың тәрбиелік мәні мен сөйлесу мәнеріңіз арқылы қалыптаспақ.

**Сыртқы бейінеміздің үйлесімді әсер қалдыру үшін:**

- ***Мәнерлі сөйлеу***
- ***Стиль мен киім түсінің психологиялық әсерін білу***
- ***Тұрған тұрысқа, мимикаға және мәнерге көңіл бөлу***

**Қ**

**о**

**р**

**ы**

**т**

**ы**

**н**

**д**

**ы**

Білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогты атаймыз.

**Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын, оны қандай қалыпқа құйып, қандай мүсін жасаймын десе де мұғалімнің қолында» деген сөзі аталған міндетті жүзеге асыру жолында ұстазды үлкен асуларға жетелейді, жауапкершілігін арттырады. Біздің басты мақсатымыз — оқушылардың өз бетінше білім алатын шығармашылық деңгейін көтеру.**



*Ұлы ағылшын ағартушысы  
Уильям Уорд:*

*"Жай мұғалім хабарлайды,  
Жақсы мұғалім түсіндіреді,  
Керемет мұғалім көрсетеді,  
Ұлы мұғалім  
шабыттандырады",-дейді.*



***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!***

